

Түсіндірме хат

«Ақбөбек» мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кеңесі отырысында «Мен кішкентай зерттеушімін» бағдарламасы талқыланып бекітілді (№1 хаттамасы, 29 тамыз 2024 жыл)

Баланың жас ерекшелігінің мүмкіндіктерін ашуға, бала тұлғасын жан – жақты дамытуға, шығармашыл, ізденімпаз, тапқыр, ой – өрісі кең жеке тұлғаны дамытуға бағытталған. Бала бойына тәжірибелік, танымдық іскерлігін қалыптастыруды, интеллектуалдық қабілеттерін дамытуды көздейді. Мектепке дейінгі кезеңде баланың қоршаған әлемді түсінуге талпынысы артады және әлем туралы алғашқы түсінігінің алғашқы кезеңі пайда болады. Табиғат заңдылығын жеңіл түрде ұғындыра отырып, берілетін білімнің өзара байланысын сақтай отырып, баланың дүниетанымын кеңейтеді. Мектепке дейінгі балалардың жас ерекшелігін ескере отырып баланың түсіну, ойлау, қабылдау процесіне сәйкес келетін және зерттеулер мен тәжірибе жасауға, бакылауға қызықты да қажетті тақырыптар таңдалды.

Мақсаты:

Балалардың білімдерін, даму деңгейін, дүниетанымын кеңейту, жан – жақтағы өзгерістерді тәжірибе арқылы зерттеуін, қарапайым логикалық ойлауын дамыту. Балалардың өзіне міндеттелген іс – әрекеті жауапкершілікпен атқаруға баулу, ұйымшылдыққа, төзімділікке тәрбиелеу.

Бала бойына тәжірибелік, танымдық, шығармашылық іскерлік түрлерін қалыптастыру. Интеллектуалдық қабілеттері мен шығармашылық әлеуметін дамыту. Қазірге қоғамға сай, шығармашыл – ізденімпаз, тапқыр, еріктен тыс ойлай білетін тұлғаны тәрбиелеу.

«Мен кішкентай зерттеушімін»

Пікір

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі ұйымда баламен жұмыс жасаудың ең тиімді түрі – экспериментпен жұмысы болып табылады. Бұл дегеніміз балабақшадағы баланы іздену жұмыстарының негізгі әдістерінің бірі. Бұл әдістің негізгі жетістіктерінің бірі – баланың затпен, материалмен тікелей қарым – қатынасы. Бағдарлама бойынша экспериментпен жасау арқылы балаларда табиғатпен танысу процесіне тірі және жансыз әлем туралы, объектілері мен табиғат құбылыстарының өзара байланысмен өзара тәуелділігі туралы түсінік қалыптасады, білімдері кеңейіп, дағдылары жетіледі.

«Мен кішкентай зерттеушімін» тақырыбындағы құралы теориялық құндылығы мен практикалық маңызы бар жұмыстың аяқталған нәтижесі болып табылады. Жинақталған материалда мектеп жасына дейінгі балаларды сыртқы әлеммен таныстыру кезінде эксперимент технологиясын қолдану бойынша ұсыныстар және эксперименттердің сипаттамалары келтірілген.

Ұйымдастырылған тәжірибе, бақылау барысында баланың есте сақтауы, ойлау процесінің белсенділігі артады. Бала өзіне тән білуге құштарлығын қанағаттандыруға, өзін ғалым, зерттеуші ретінде сезінуге мүмкіндік алады. Құрастырушы өз іс – тәжірибесінен оқу – тәрбие процесінде қолданылған материалды балалардың жас ерекшелігіне сәйкес жинақтаған.

«Ақбөбек» МДҰ меңгерушісі:  А. Е. Нуржанова



«Мен кішкентай зерттеушімін»

| № | Тақырыбы | Мақсаты | Өтілетін айы |
|----|--------------------------------|---|--------------|
| 1 | «Не дыбыстады?» | Дыбыстар әуенді және қатты болатынын айту. Әрбір заттың, әрбір тіршілік иесінің өз дауыстары болатынын түсіндіру. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. | Қыркүйек |
| 2 | «Ағаштан жасалатын ойыншықтар» | Балалардың сөзді анық айтып, дұрыс сөйлей білуге баулу, ойыншықтардың атын, түсін және қандай заттан жасалғанын түсіндіріп, ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. | |
| 3 | «Қағаз неден жасалады?» | Балалардың қағаз, оның түрлері, қасиеттері мен сапасы туралы түсініктерін нақтылау және бекіту. Адам өмірінде қағазды қолдану. Балаларды қағазбен жұмыс жасауға қызықтыру. Қағаздан түрлі бұйымдар жасату. Ұсақ қол маторикасын дамыту. | |
| 4 | «Ауа. Ауаның қасиеті» | Балаларға ауаның қасиеттері және оның адам өміріндегі маңызы туралы түсінік беру. Тәжірибелер жасау арқылы ауа туралы білімдерін кеңейту. | |
| 5 | «Пластмасса әлемі» | Пластмассадан жасалатын заттарды білу және олардың қасиеттерін, ерекшеліктерін салыстыруға үйрету. | Қазан |
| 6 | «Магниттің кереметтілігі» | Балаларға магнит туралы ертегі айтып беру, тәжірибе жасату, ойындар ойнату. | |
| 7 | «Саңырауқұлақтар» | Қарапайым танымдық түсініктерін дамыту. Өсімдіктер әлеміне қамқор және мейірімді қарым – қатынасын, зейін салуын, танымдық қызығушылығын тәрбиелеу. | |
| 8 | «Бөлме өсімдіктері» | Нысандарды салыстыра білу дағдыларын және зерттеу, тәжірибе жүргізу жұмыстарына деген қызығушылықтарын дамыту. | |
| 9 | «Пияз өсіруді үйренейік» | Қарапайым дербес тәжірибе іс – әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. Бақылау үрдісінде экологиялық ой – пайымдауларын тәрбиелеу. | Қараша |
| 10 | «Ғажайып қылқалам» | Қылқалам арқылы түстерді араластырып, әдемі сурет салуға, оны бояуға үйрету. Әдемілікке, әсемдікке баулу. Сызықтар мен сүйкей жағу ұғымдарын түсіндіру. | |
| 11 | «Су кімге қажет?» | Балаларға адамға, табиғатқа, жануарларға судың қажеттілігін түсіндіру. Судың қасиеті, түр – түсі туралы білімдерін кеңейту. Тәжірибе жасау барысында бақылағыштық дағдыларын жетілдіру. | |
| 12 | «Микроб дегеніміз не?» | Зиянды және пайдалы микроорганизмдерді анықтауға дағдыландыру. Ой - өрісін дамыту. Тазалыққа тәрбиелеу. | |
| 13 | «Топырақ. Топырақтың қасиеті» | Топырақ түрлерінің қасиетін және ерекшелігін анықтауға үйрету. Оның сусымалығын, қаттылығын, ылғалдылығын тәжірибе жасай отырып, түсіндіру. Қарапайым дербес тәжірибе іс – әрекеттерін ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. | Желтоқсан |

| | | | |
|----|--|--|--------|
| | | Бақылау үрдісінде экологиялық ой – пайымдауларын тәрбиелеу. | |
| 14 | «Бұл қашан болады?» | Жыл мезгілдері туралы ұғымдарын кеңейту. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін тиянақтау, әр жыл мезгілінің өзіндік ерекшелігі мен ұқсастығын дәлелдеу, қабылдау қабілетін дамыту. Табиғат сұлулығын сезіне білу, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | |
| 15 | «Қар атаулары» | Балаларды қар түрлерімен таныстыру, қардың бірнеше «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру. Есте сақтау және ойлау қабілетін дамыту. Қармен түрлі тәжірибелер жасатып, бақылату. | |
| 16 | «Көлеңке қалай пайда болады?» | Көлеңкенің қалай пайда болатынын, оның жарық көзіне және затқа тәуелділігін, олардың өзара орналасуын түсіну. | |
| 17 | «Жер жазық па?» | Балаларды ғаламшармен жұмыс жасауға үйрету. Балаларға жердің шар тәрізді екенін, беті жазық екенін, беті жазық болатынын түсіндіру. Бақылау үрдісінде экологиялық ой – пайымдауларын тәрбиелеу. | Қаңтар |
| 18 | «Күм. Күмның пайда болуы» | Балаларға қиыршық күм, ұсақ күм, сусымалы күм, олардың пайда болуы туралы түсінік беру. Зерттеу іс – әрекетін бақылау негізінде қорытынды шығару дағдысын дамыту. Тәжірибе барысында күммен ұқыпты жұмыс жасауға тәрбиелеу. | |
| 20 | "Апельсин" | Балаларға апельсин туралы мағлұмат беру. Тәжірибе жасау. | |
| 21 | «Түрлі түсті мұздар» | Мұзға тәжірибе жұмысын жасау арқылы танымдық белсенділерін дамыту. | Ақпан |
| 22 | «Батады - батпайды» | Ауыр және жеңіл заттарды ажырата білу қабілеті, білуге деген құштарлығын дамыту. Қызығушылыққа тәрбиелеу. | |
| 23 | «Сабын көпіршіктері» | Тәжірибе жасау арқылы сабын көпіршіктері туралы түсініктерін кеңейту. Зерттеу әрекеттерін, құралдарды ұқыптылықпен ұстау дағдыларын қалыптастыру. | |
| 24 | «Сүт пен сабынның араласуы» | Өз беттерімен және бірігіп жұмыс істеуге қарым – қатынастарын қалыптастыру. | |
| 25 | «Табиғаттың көктемде оянуы» | Көктемдегі табиғат құбылыстарын бақылау дағдыларын кеңейту. Ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дағдыларын дамыту. | Наурыз |
| 26 | «Күн мен түннің алмасуы неден пайда болады?» | Жер қалай айналатынын және күн мен түннің алмасуы қалай болатынын түсіндіру. Ой – өрісін танымдық қабілетін дамыту. Байқампаздыққа тәрбиелеу. | |
| 27 | «Көпіршік үстіндегі қызықты сурет» | Дәстүрден тыс сурет салуға үйрету. Тәжірибе жасау қызығушылыққа және ұжымда жұмыс жасауға тәрбиелеу. | |
| 28 | «Құтқару кеудешесіндегі мандарин» | Эксперимент процесінде танымдық қызығушылықты дамыту. | |
| 29 | «Судың | Қарапайым және қол жетімді тәжірибелерді қолдана | Сәуір |

| | | | |
|----|---------------------------------------|---|-------|
| | тығыздығы» | отырып, мектеп жасына дейінгі балаларда судың тығыздығы туралы түсінік қалыптастыру, танымдық қызығушылықты ояту. | |
| 30 | «Кока коланың пайдасы немесе пайдасы» | «Кока кола» пайдалы ма, әлде зиянды ма? тәжірибе жасау барысында анықтай білуге үйрету. | |
| 31 | «Лимонад жасайық» | Лимонад жасауға қажетті тағамдармен таныстыру. Ұйымшылдыққа тәрбиелеу. | |
| 32 | «Су мен май тығыздығы» | Балаларға тәжірибе жасату, бақылай білуге үйрету. Қызығушылықтарға баулу. | |
| 33 | «Банкадағы жаңбыр» | Қызығушылықпен тәжірибе жасауға баулу. Тәжірибеге қажетті заттарды ұқыпты пайдалану. | Мамыр |
| 34 | «Балдай тәтті балмұздақ» | Балаларға балмұздақтың қандай өнімдермен жасалатынын анықтап, оны тәрбиешімен бірге жасау. | |
| 35 | «Жаңбыр қалай пайда болады?» | Жаңбырды жасанды жолмен тәжірибе барысында орындау. | |
| 36 | "Ыдыстағы кемпірқосақ" | Шығармашылық, тәжірибелік іс - әрекет дағдыларын қалыптастыру. | |

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мен оқимын, ойлаймын» 2005 ж Нұртазина Р. Б., Сейсенова А. Д.
2. «Сенің өмірің – сиқырлы әлем» Алматы, 2010 ж. Әуелбаева С.
3. «Балапан әлем» журналы №6 2013 ж.
4. «Жыл он екі ай» журналы, №3 2004 ж.
5. «Отбасы және балабақша» журналы, №5 2014 ж.